

Қазақстан Республикасының ішкі нарығында тауарлық газды көтерме саудада өткізудің шекті бағаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2020 жылғы 18 мамырдағы № 196 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 20 мамырда № 20677 болып тіркелді

"Газ және газбен жабдықтау туралы" 2012 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 7) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының ішкі нарығында тауарлық газды көтерме саудада өткізудің 2020 жылғы 1 шілдеден бастап 2021 жылғы 30 маусымды қоса алған кезеңге арналған шекті бағалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Газ және мұнайгаз-химия департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрі

Н. Ногаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2020 жылғы 18 мамырдағы
№ 196 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының ішкі нарығында тауарлық газды көтерме саудада өткізудің 2020 жылғы 1 шілдеден бастап 2021 жылғы 30 маусымды қоса алған кезеңге арналған шекті бағалары

р/с №	Өңір	Қосылған құн салығын есепке алмағанда, бір мың текше метрі үшін шекті бағасы теңгемен
1.	Нұр-Сұлтан қаласы	24 537 (жиырма төрт мың бес жүз отыз жеті)
2.	Алматы қаласы	19 405 (он тоғыз мың төрт жүз бес)
3.	Шымкент қаласы	20 819 (жиырма мың сегіз жүз он тоғыз)
4.	Ақмола облысы	24 537 (жиырма төрт мың бес жүз отыз жеті)
5.	Ақтөбе облысы	5 574 (бес мың бес жүз жетпіс төрт)
6.	Алматы облысы	19 405 (он тоғыз мың төрт жүз бес)
7.	Атырау облысы	6 340 (алты мың үш жүз қырық)
8.	Батыс Қазақстан облысы	10 541 (он мың бес жүз қырық бір)
9.	Жамбыл облысы	18 775 (он сегіз мың жеті жүз жетпіс бес)
10.	Қарағанды облысы	24 537 (жиырма төрт мың бес жүз отыз жеті)
11.	Қостанай облысы	17 305 (он жеті мың үш жүз бес)
12.	Қызылорда облысы	7 268 (жеті мың екі жүз алпыс сегіз)
13.	Маңғыстау облысы	12 552 (он екі мың бес жүз елу екі)
14.	Түркістан облысы	20 819 (жиырма мың сегіз жүз он тоғыз)
15.	Шығыс Қазақстан облысы	7 563 (жеті мың бес жүз алпыс үш)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК